1173.	Исмоилова Саломат Құрбонбековна, Михлибаев Сеитжан Маратович	Роль ЮНЕСКО в сохранении культурного наследия Таджикистана и Казахстана	5032
1174.	Калихан Айзере Алтайқызы	Экологические последствия строительства нового аэропорта в Катон-Карагай	5037
1175.	Көпей Адель	Катонқарағай ұлттық саябағында жасанды интеллект технологияларын қолдану арқылы қалдықтарды тазалау мүмкіндіктері: инновациялық тәсілдер және экологиялық тұрақтылық	5042
1176.	Кубайдоллинова Айнара	Туризмдегі мобильді технологиялар: болашағы мен мүмкіндіктері	5047
1177.	Муратбекова Диназ Муратбекқызы	Қазақстандағы тұрақты даму контекстіндегі киелі туризм	5052
1178.	Мухамбетқалиева Жансая Әбдіғабитқызы	Қазақстанның гастрономиялық мұрасы: туризмді дамытудағы рөлі	5056
1179.	Мұрат Аружан Әділханқызы	Роль этно-аулов в развитии внутреннего туризма в Казахстане	5064
1180.	Саурикова Жансая Қанатқызы, Мұсабек Ақерке	Қазақстандағы экотуризм: табиғатты аялау мен экономикалық даму арасындағы тепе-теңдік	5067
1181.	Нұрмағанбетқызы Нұрдана	Түркістан аймағында тұрақты туризмді қалыптастырудағы емдік туризмнің рөлі: Сарыағаш курорттық аймағы мысалында	5070
1182.	Омарова Кенжегуль Акмышевна	Состояние инфраструктуры в санаторно-курортных зонах Республики Казахстан	5074
1183.	Тоғайбаева Алина, Рамазан Рамина	Устойчивый туризм в Казахстане: баланс экологии, экономики и культуры на примере зоны отдыха - Алаколь	5079
1184.	Рустемова Сабира Муратовна, Абеуханова Еркежан Бахытбековна	Семей қаласының туристік әлеуеті	5083
1185.	Сайдханова Арайлым	Қазақстандағы емдік сауықтыру туризмінің жағдайы мен даму болашағы	5087
1186.	Сайын Мадина Саматқызы	Лоукост әуе тасымалының Қазақстандағы туризм саласына ықпалы	5091

1187.	Таран Ерлесқызы	Нұрлы	Экотуризмнің Қазақстандағы рөлі	5095
1188.	Тулегенова Мейрамбекқызы	Лиана	Қонақ үй бизнесін басқаруда жасанды интеллекттің маңызы	5099
1189.	Утеубаев Назымбекович	Нурлыбек	Организационно-управленческие модели строительства школ за рубежом: уроки для Казахстана	5104
1190.	Фатай Қайсарқызы	Нұрлы	Қазақстанда жастар арасындағы білім беру туризмінің дамуы: мәселелері мен болашағы	5108
1191.	Хусаинов	Д.А.	Инфраструктура глэмпингов в Щучинско-Боровской курортной зоне	5111
1192.	Шералы Өміржанқызы	Ақерке	Археологиялық туризм тарихи-мәдени мұраны таныстырудың инновациялық нысаны ретінде (Тараз қаласы мысалында)	5118
1193.	Altynay Kairatkyzy	Adilkhan	Cloud technologies as a way to automate the hotel industry	5121
1194.	Aza Yevloyeva		To the issue of tourist experience and co-creation process in tourism	5128
1195.	Khamidullin Manapovich	Nurseil	Mechanism of increasing investment attractiveness in tourism: The example of Mangistau region	5130
1196.	Kopbossyn Erlankyzy	Ayana	Prospects for the development of ecotourism in Kazakhstan	5135
1197.	Kuanysh B.B.		Big data technologies in hotel business	5138
1198.	Makhanova Maratovna	Aizhan	Sustainable development of tourism in Kazakhstan: a vision for future	5143
1199.	Mikhlilbayev Seitzhan Maratovich, Ismoilova Salomat Qurbonbekovna		The role of digital technologies in improving tourist services in Kazakhstan	5146
1200.	Saginbayeva M.A.		Digital transformation in hotel business in the republic of Kazakhstan	5149
1201.	Seyitjan Rauanqyzy	Nurayim	AI in the hospitality industry	5154
1202.	Shaimukhamet Beketkyzy, Bagitzhanova Kamila Askhatkyzy	Merey	Role of social media in the hospitality industry	5158
1203.	Kaziyeva Zhanatkyzy	Dilnaz	E-commerce adoption in the restaurant sector of the Republic of Kazakhstan: present challenges and future prospects	5162
1204.	Rakhymkhanova Aidana		Study of blockchain technology and its application in restaurant business	5165
1205.	Tursungali A.A.		The influencing role of social media in the consumer's hotel decision-making process	5170
1206.	Yemutbayeva Serikovna, Kochkarova Erkinqyzy	Gulnur Raikhona	The role of accessible tourism	5174
1207.	Zhanabay.A.A		Forming inclusive tourism in Kazakhstan's	5179

			restaurant and hotel business	
1208.	Shazynda Saidkyzy	Yerke	The impact of climate change on development of sustainable tourism in South Kazakhstan	5183
1209.	Shazynda Saidkyzy	Yerke	Sustainable tourism policies: comparative study between Kazakhstan and Scandinavian countries	5188

**СЕКЦИЯ 8 ТАРИХ, АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ/
ИСТОРИЯ, АРХЕОЛОГИЯ И ЭТНОЛОГИЯ**

Подсекция 8.1 Қазақстан тарихының өзекті мәселелері: жаңа көзқарастар мен келешегі/ 8.1 Актуальные проблемы истории Казахстана: новые подходы и перспективы

1210.	Аубакирова Д. К.		Архивные свидетельства реакции казахских аулов на политику коллективизации	5195
1211.	Асан М. Н.		XX ғасырдың 20-79 жж. аралығындағы КСРО мен Ауғаныстан қарым-қатынасы: тарихи талдау	5198
1212.	Айтмырзаева Ф. Б.		Тараз қаласының орта ғасырдағы дамуы және архитектуралық ескерткіштер	5201
1213.	Әжеп Ә. Е.		1960-1970 жылдардағы Қазақстан жастарының саяси белсенділігі мен «Жас тұлпар» қозғалысының рөлі	5205
1214.	Бекишев Т. Б.		Цифровизация и историческая урбанистика Казахстана: новые вызовы исследования прошлого	5209
1215.	Балчих А. Ө.		Ағартушылық идеялары үндес тұлғалар	5212
1216.	Бижанов А. С., Маманов Р. Ш.		ҚР мемлекеттік туының қалыптасу тарихы	5216
1217.	Бейсембекова Г. Ж.		«Моңғолдың құпия шежіресі» - жазба тарихи мұра	5220
1218.	Гиззатова А. А.		XIX-XX ғасырдың бірінші жартысындағы Орал қаласының этнодемографиялық даму ерекшеліктері	5225
1219.	Дюсен Ж. М.		Отношение казахов Степного генерал-губернаторства к восстанию 1916 года	5231
1220.	Ескендір Д. К.		Қазақ антропологиясының негізін қалаушы Оразақ Смақұлов	5233
1221.	Жанғалиев У. Қ.		XVIII – XIX ғасырларда қазақ қоғамының этноәлеуметтік ұйымдарына сипаттама	5236
1222.	Жұмабек Қ. М.		Историографический аспект изучения школьных учебников как инструмента идеологического воспитания	5240
1223.	Жусупова А. Н.		Желтоқсан оқиғасының өңірлерге таралуы: негізгі аймақтар	5245
1224.	Ибраева Г. Б.		С.Сейфуллин: ұлттық білімді дамыту, оқулық жасау жолындағы еңбектері	5249

УДК 338.48-6

ЭТНО-ҚОНАҚ ҮЙЛЕР – ЗАМАНАУИ ТУРИЗМ МЕН ДӘСТҮРЛІ МӘДЕНИЕТТІ ҰШТАСТЫРУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

Дәурен Айзат

E-mail: ayzatd08@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ «Туризм» кафедрасының 4-курс студенті,
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – «Туризм» кафедрасының философия докторы (PhD), доцент м.а.
Тлеубаева Айтолкын Тлеубайқызы

Аңдатпа

Қазіргі туризм индустриясында этномәдени компоненттерге деген қызығушылықтың артуы этно-қонақ үйлердің маңызын арттырып отыр. Бұл нысандар бір мезгілде орналастыру қызметтерін ұсынып қана қоймай, ұлттық дәстүрлерді сақтаудың және оларды танымал етудің тиімді құралына айналуға. Мақалада этно-қонақ үйлердің тарихи бастаулары мен қазіргі заманғы туризмдегі орны жан-жақты қарастырылып, олардың материалдық емес мәдени мұраны сақтаудағы, жергілікті қауымдастықтарды қолдаудағы және өңірлік туристік өнімдерді әртараптандырудағы рөлі сарапталады. Шығыс Қазақстан облысындағы мысалдар негізінде инфрақұрылым, этникалық стиль, қызмет сапасы мен туристік бағдарлама мазмұны тұрғысынан талдау жүргізілді. Сонымен қатар, Л.Н. Гумилевтің этногенез теориясы негізінде этно-қонақ үйлердің мәдени жаңғырудағы орны түсіндіріледі. Автор этно-қонақ үйлердің туризм мен ұлттық мұра арасындағы көпір ретіндегі әлеуетін ашып көрсетіп, одан әрі даму стратегияларын ұсынады.

Түйін сөздер: этнотуризм, этно-қонақ үй, материалдық емес мәдени мұра, Шығыс Қазақстан, ұлттық бірегейлік, қонақжайлылық индустриясы, этногенез, мәдени жаңғыру.

Қазіргі жаһандану жағдайында және этномәдени мұраға қызығушылықтың артуы жағдайында шынайы тәжірибе алуға бағытталған туристік ағындардың ұлғаюының тұрақты үрдісі байқалады. Осының аясында ұлттық мәдениеттің, сәулет пен өмір салтының бірегей элементтерін көрсететін дәстүрлі орналастыру орындары мен мәдени-ағарту кеңістігінің функцияларын біріктіретін этно-қонақ үйлерді – қонақжайлылық индустриясының нысандарын дамыту ерекше өзекті болып отыр. Туризм жағдайында мұндай нысандар этнотуризмге өсіп келе жатқан сұранысты қанағаттандырып қана қоймай, материалдық емес мәдени мұраны сақтауға, жергілікті қолөнер мен кәсіпкерлікті дамытуды ынталандыруға, өңірлердің туристік тартымдылығын нығайтуға қабілетті.

Зерттеудің мақсаты — этно-қонақ үйлердің заманауи туризм саласындағы орнын анықтау, этно-қонақ үйлер арқылы ұлттық мәдениетті сақтау және туристерге таныстыру мүмкіндіктерін талдау.

Ежелгі керуен сарайлары мен заманауи қонақ үйлер арасындағы байланыс қонақжайлылық индустриясының ұзақ тарихын көрстеді. Қонақ үй қызметінің дамуы, атап айтқанда, Ұлы Жібек жолы мен басқа да сауда жодарының пайда болуымен тығыз байланысты. Бұл жолдардың бойындағы керуен сарайлары саудагерлер мен саяхатшылар үшін маңызды аялдамалар және олардың қажеттіліктерін қанағаттандыратын орындар болды [1].

Қазіргі заманғы қонақ үйлердің дамуына көптеген факторлар ықпал етті, соның ішінде жаһандық сауданың дамуы, технологиялық инновациялар және мәдени өзгерістер. Қонақжайлылық индустриясының қалыптасуы мен дамуында маңызды рөл атқарған кезең –

индустрияландыру дәуірі. Заманауи қонақ үйлер тек ұйықтайтын орындарға ғана емес, сонымен қатар туристер мен саяхатшылардың әртүрлі қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналған кешенді мекемеге айналды. Бұл қонақ үйлерде тұратын адамдарға әртүрлі қызметтер мен мүмкіндіктер ұсынылады: сұлулық салондары, фитнес орталықтары, әртүрлі мәдени іс-шаралар және жоғары деңгейлі мейрамханалар. Керуен сарайлары мен заманауи қонақ үйлердің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын қарастырған кезде бірнеше факторларды атап өтуге болады (кесте 1).

Кесте 1 – Дәстүрлі керуен сарай мен заманауи қонақ үйлерді критерийлерге бөліп, салыстыру

Критерийі	Керуен-сарай (дәстүрлі)	Заманауи қонақ үйлер	Не өзгерді	Ортақ факторлар
Мақсаты	Саяхатшылар мен саудагерлер үшін демалуға және түнеуге арналған орын.	Демалуға, туристерге, іскер адамдарға арналған орын.	Пайдаланушылар контингенті өзгерді (бұрын саудагерлер, қазір туристер, кәсіпкерлер).	Екеуі де ұйықтауға және демалуға арналған орын ретінде қызмет етеді.
Сәулет	Ауласы бар қарапайым ғимараттар, көбінесе үлкен аркалары бар.	Әр түрлі архитектуралық стильдер, заманауи материалдар.	Қазіргі заманғы қонақ үйлер архитектуралық жағынан әр түрлі.	Екеуі де түнеу үшін қорғалған кеңістікті ұсынады.
Инфрақұрылым	Көбінесе ауланың, су көздерінің, қоймалардың болуы.	Бөлмелер, мейрамханалар, конференц-залдар, спорт залдары, СПА.	Ыңғайлылық пен қызметтердің көбеюі, жайлылықтың жоғары стандарттары.	Екеуінде де демалуға арналған орын және асхана бар.
Қызметтер	Қарапайым шарттар: ұйықтау, тамақтану, кейде дәретхана.	Қызметтердің әртүрлілігі: бөлме қызметі, Wi-Fi, кондиционерлер, спорт залдары.	Ыңғайлылық пен қызмет көрсету сапасы айтарлықтай өзгерді.	Екеуі де түнеу мен тамақ береді.
Мақсатты аудитория	Саяхатшылар, саудагерлер, көшпенділер.	Туристер, іскер саяхатшылар, отбасылар.	Мақсатты аудитория әртүрлі және жайлылыққа бағытталған.	Екеуі де саяхатшыларды тартады.
Жайлылық деңгейі	Негізгі жағдайлар, көбінесе қарапайым және қарапайым ыңғайлылықтармен.	Халықаралық стандарттарға сәйкес келетін жайлылықтың жоғары деңгейі.	Жайлылық деңгейі айтарлықтай өсті.	Екеуі де қауіпсіздік пен демалысты қамтамасыз етеді.
Бағасы	Әдетте арзан, қарапайым саяхатшыларға бағытталған.	Бағалар бюджеттен люкске дейін.	Бағасы қызмет көрсету деңгейіне және ыңғайлылыққа байланысты болды.	Екеуі де әртүрлі санаттағы адамдар үшін қол жетімді болуы мүмкін.
Ескертпе – зерттеу барысында автормен әзірленген				

Заманауи этно-қонақ үйлер керуен сарайлардың функционалдық, мәдени және

сәулеттік элементтерін сақтай отырып, заманауи ыңғайлықтар мен технологияларды енгізуге ұмтылады. Этно-қонақ үйлер тарихи және ұлттық дәстүрлерге құрмет көрсете отырып, өз атмосферасын сақтауға тырысады, сонымен бірге қызмет көрсету деңгейін, жайлылық пен техникалық жарақтандыру қазіргі заманға сай жаңартады.

2024 жылғы қаңтар-қыркүйек аралығында Қазақстан Республикасында орналастыру орындарының саны мен құрылымы әрбір өңір бойынша елеулі айырмашылықтарды көрсетеді. Республика бойынша барлығы 4 315 орналастыру орны тіркелген. Бұл көрсеткіш елдің туристік әлеуетінің өсуіне және орналастыру инфрақұрылымының кеңеюіне байланысты өсу серпінін көрсетеді.

Сонымен қатар, туристік базалар (59), кемпингтер (48) және туристік лагерьлер (5) бүкіл ел бойынша салыстырмалы түрде аз. Бұл көрсеткіштер Қазақстанда туризмді дамыту көбінесе қонақ үй индустриясына байланысты екенін, экологиялық және кемпингтік туризмді дамыту әлеуеті толық көлемде іске асырылмағанын көрсетеді [2].

Табиғи-рекреациялық әлеуеті жоғары өңірлерде, әсіресе Ақмола (389 орын) және Жетісу (409 орын) облыстарында ауылдық туризм элементтері (бунгало, ауылдық үйлер және т.б.) салыстырмалы түрде кең таралған. Бұл нысандардың кейбіреулері этно-қонақ үй форматына бейімделуі немесе ұқсас қызметтерді ұсынуы мүмкін. Атап айтқанда, Жетісуда 200-ден астам бунгало мен ауылдық үйлерді тіркеу этнографиялық және экологиялық туризмді дамытуда қолайлы жағдай жасайды [3].

Шығыс Қазақстан таулы алқаптарды, тау аралық бассейндерді, жазықтарды, дала және орманды дала аймақтарын, сондай-ақ су айдындарының едауір санын қамтитын айқын табиғи-ландшафттық әртүрлілігі бар өңір болып табылады. Бұл этнографиялық, экологиялық, шытырман оқиғалы және сауықтыру туризмін қоса алғанда, туризмнің әртүрлі нысандарын ұйымдастырудың кең мүмкіндіктерін анықтайды.

Шығыс Қазақстанның табиғи-климаттық және мәдени ерекшеліктерін ескере отырып, өңірдегі этно-қонақ үй бизнесін дамытудың неғұрлым перспективалы бағыттары:

- Катон-Қарағайдың таулы аудандарында экотуризм мен этнографиялық демалысқа бағдарланған киіз үй кешендерін құру;
- Бұқтырма су қоймасы аудандарында жыл бойы жұмыс істеу мүмкіндігімен дәстүрлі ағаш қонақ үй объектілерін орналастыру;
- аймақтың табиғи ресурстарын пайдалана отырып, сауықтыру және емдік туризмге бағдарланған дала аймақтарында (мысалы, Самар көлдерінің жанында) этно-қонақ үй кешендерін ұйыдастыру.

Өскемен қаласында орналасқан «Семей» қонақ үйі туристік индустрияның заманауи талаптарына біртіндеп бейімделіп келе жатқан ескі қалалық қонақ үйдің ерекше үлгісі болып табылады. Қонақ үй құрылысы 1974 жылы салынды және 2003 жылдан бастап қонақ үй кешені ретінде жұмыс істейді. Өзінің жұмыс уақыты барысында «Семей» қонақ үйі айтарлықтай өзгерген болатын, бірақ іскерлік және туристік қонақтарды тарта отырып, қаланың қонақ үй инфрақұрылымының маңызды элементі болып қала береді.

Тәжірибесіз көзқарас қонақ үйде этникалық қонақ үйлерге тән этно стиль немесе мәдени ерекшеліктері жоқ сияқты көрінуі мүмкін. Алайда, әр түрлі мәдениеттердің (қазақ, орыс және басқа этникалық топтардың) тарихи интеграциясы орын алатын аймақ үшін кейбір дәстүрлі кеңестік сәулет пен қарапайым интерьердің сақталуы аймақтың тарихи контекстін бейнелеуде рөл атқаруы мүмкін.

2025 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша Шығыс Қазақстан облысы халқының саны 723,5 мың адамды құрады, оның ішінде 485,9 мың адам (67,2%) – қалалық, 237,6 мың адам (32,8%) – ауыл тұрғындары.

Шығыс Қазақстан облысының этникалық құрамындағы ең көп он халықтың саны облыс халқының жалпы санының 99%-ын құрады. Қазақтардан (50,2%) және орыстардан (44,9%), одан басқа немістер (1,4%), татарлар (0,9%), украиндар (0,8%), белорустар мен әзірбайжандар (0,2%), шешендер, өзбектер мен корейлер (жалпы халықтың 0,1%) кірді. Қалған этностардың әрқайсысының үлес салмағы облыс халқының бір пайызынан азын

құрайды [3].

Шығыс Қазақстан облысындағы этно-қонақ үйлердің дамуын Лев Гумилевтің *этногенез* теориясының призмасы арқылы қарастыруға болады, теорияда этностар дамудың белгілі бір кезеңдерінен өтетін динамикалық жүйелер ретінде қарастырылады. Этно-қонақ үйлер мәдени мұраны сақтау және тарату элементтері бола отырып, белгілі бір тарихи кезеңдегі этникалық өзіндік сана мен этникалық құмарлық деңгейінің көрсеткіштері бола алады [4].

Л.Н. Гумилевтің айтуынша, этникалық топтар бірнеше кезеңнен өтеді, олардың әрқайсысы Әлеуметтік және мәдени құрылымдағы өзгерістермен сипатталады. Этно-қонақ үйлерді дамыту аясында бірнеше өзара байланысты аспектілерді ажыратуға болады:

- Көтеру кезеңі. Бұл кезеңде этнос айқын мәдени бірегейлігі бар тәуелсіз жүйе ретінде қалыптасады. Осы уақытта болашақта этно-қонақүйлерді қоса алғанда, туристік индустрияның элементтеріне айналуы мүмкін дәстүрлер қалануда.

- Акматия кезеңі (гүлдену). Бұл кезең этностың ең жоғары мәдени белсенділігімен сипатталады. Осы уақытта ең маңызды сәулет ескерткіштері құрылуда, дәстүрлі қолөнер дамуда, күрделі әлеуметтік құрылымдар қалыптасуда.

- Сыну фазасы және инерциялық кезең. Осы кезеңде мәдени және экономикалық белсенділіктің төмендеуі байқалады, бұл этникалық дәстүрлердің жоғалуына әкеледі. Қазақстанда XIX-XX ғасырларда айтарлықтай өзгерістер байқалды: урбанизация, отырықшы өмір салты, жаңғырту, бұл дәстүрлі сәулет пен өмір салтын біртіндеп жоғалтуға әкелді.

- Қазіргі заман және этномәдени жаңғыру. ХХІ ғасырда этногенездің циклдік сипатымен байланыстыруға болатын этникалық мәдениетке деген қызығушылықтың артуы байқалды. Қазақстанда бұл этнотуризмнің танымалдылығымен, этно-қонақ үйлер салумен, ұлттық фестивальдар өткізумен (мысалы, «Көшпелілер әлемі») көрінеді [5].








Л.Н. Гумилев суперэтнос ұғымын — ортақ мәдени және тарихи белгілермен біріктірілген этностар тобын енгізеді. Бұл тұрғыда Қазақстанды өзбектер, қырғыздар, түрікмендер және басқа да халықтарды қамтитын түркі суперэтностының бөлігі ретінде қарастыруға болады.

Л.Н. Гумилевтің этногенез теориясы мен этно-қонақ үйлердің дамуы арасындағы байланыс – этногенез, пассионарлық және суперэтностық фазалар тұжырымдамасы арқылы көрінеді. Қазіргі Қазақстанда мәдени жаңғыру процесі байқалады, бұл ұлттық сананы қайта қарастырумен байланысты этногенездің жаңа кезеңін көрсетуі мүмкін.

Шығыс Қазақстан облысындағы қонақ үй бизнесінің жай-күйін зерттеу шеңберінде жүргізілген сауалнама этно-қонақ үйлердегі қызмет көрсету сапасына әсер ететін негізгі аспектілерге, сондай-ақ оларды келушілердің қабылдауына назар аударады. Сауалнама стилі тілдік ортаға, қызмет көрсету деңгейіне және баға күтулеріне қатысты тұтынушылардың қалауы туралы ақпарат жинауға бағытталған (кесте 2).

Кесте 2 – Шығыс Қазақстан облысындағы қонақ үй бизнесінің жағдайын анықтау мақсатында жергілікті тұрғындардан алынған сауалнама нәтижесі

№	Сұрақ	Көрсеткіш												
1	Сіздің жасыңыз	<table border="1"><thead><tr><th>Жас топтары</th><th>Пайыз</th></tr></thead><tbody><tr><td>18 жасқа дейін</td><td>18,9%</td></tr><tr><td>18-25</td><td>56,3%</td></tr><tr><td>26-35</td><td>12,5%</td></tr><tr><td>35-50</td><td>12,5%</td></tr><tr><td>50 жастан жоғары</td><td>0%</td></tr></tbody></table>	Жас топтары	Пайыз	18 жасқа дейін	18,9%	18-25	56,3%	26-35	12,5%	35-50	12,5%	50 жастан жоғары	0%
Жас топтары	Пайыз													
18 жасқа дейін	18,9%													
18-25	56,3%													
26-35	12,5%													
35-50	12,5%													
50 жастан жоғары	0%													

2	Сіз Қазақстандағы қонақ үйлерге қаншалықты жиі барасыз?	 <ul style="list-style-type: none"> ● Жиі (жарты жылда бірнеше рет) ● Қатты жиі емес (жылына бірнеше рет) ● Сирек ● Мүлдем бармаймын
3	Қазақстандағы қонақ үйлерде қызмет көрсету деңгейі сізді қанағаттандырады?	 <ul style="list-style-type: none"> ● Толығымен қанағаттандырады ● Жартылай қанағаттандырады ● Мүлдем қанағаттандырмайды ● Жауап беруге қиналамын
4	Қонақ үйде қазақ тілінде қызмет көрсетілу сізге маңызды ма?	 <ul style="list-style-type: none"> ● Ие, өте маңызды ● Біршама маңызды ● Маңызды емес ● Маңызды емес, бірақ қолайлы
5	Қазақстандағы қонақ үйлерде сізге жиі қандай тілде қызмет көрсетіледі?	 <ul style="list-style-type: none"> ● Қазақ тілі ● Орыс тілі ● Ағылшын тілі
6	Сіз Қазақстандағы қонақ үй интерьерінде ұлттық стильді қаншалықты жиі таңдайсыз?	 <ul style="list-style-type: none"> ● Өрқашан ұлттық стильді таңдаймын ● Кейде ұлттық стильді таңдаймын ● Ұлттық стиль мен үшін маңызды емес ● Ұлттық стильді мүлде ұнатпаймын
7	Этно-қонақ үйдегі қызмет көрсету мен ұсынылатын мүмкіндіктердің бағасы сіздің күткен деңгейіңізге сай келе ме?	 <ul style="list-style-type: none"> ● Толығымен сай келеді ● Жартылай сай келеді ● Бағасы тым жоғары, бірақ сапасы төмен ● Бағасы мен сапасы арасында айырмашылық бар
8	Қазақстанның қонақ үйлерінде қызмет көрсету сапасына қандай баға берер едіңіз?	 <ul style="list-style-type: none"> ● Жоғары деңгейде ● Орташа деңгейде ● Төмен деңгейде ● Бағалай алмаймын
Ескертпе – зерттеу барысында автормен әзірленген		

Шығыс Қазақстанның этно-қонақ үйлерінде сұранысқа ие қосымша қызметтердің бірі өңірдің табиғи және мәдени ескерткіштерін қамтитын экскурсиялар болып табылады. Қонақ үйлердің туристік бағдарламасына этноэкскурсияларды енгізу аймақтың табиғи байлығын көрсетіп қана қоймай, этнография мен тарихқа қызығушылық танытатын туристерді тартуға мүмкіндік береді.

Шығыс Қазақстан өңірі – темір ұстасы, тоқу, ағаш ою, сондай-ақ дәстүрлі зергерлік бұйымдар жасау сияқты мәдени және қолөнер дәстүрлеріне бай аймақ. Этно-қонақ үйлер аясында туристерге бірегей техникалармен танысып қана қоймай, практикалық дағдыларды алуға мүмкіндік беретін шеберлік сыныптарын ұйымдастыруға болады.

Шығыс Қазақстанның географиялық жағдайы, оның таулы жерлері мен бай табиғи ресурстары белсенді туризмді дамыту үшін тамаша жағдай жасайды. Этно-қонақ үйлер аясында туристерге жаяу және велосипедпен жүру, ат турлары, сондай-ақ су туризмінің әртүрлі түрлері, мысалы, Ертіс өзенінде балық аулау немесе каноэде жүзу сияқты белсенді демалыс түрлерін ұсынуға болады.

Этно-қонақ үйлер үшін жақсы ойластырылған логотиптің болуы өте маңызды, өйткені ол мәдени мұраның, дәстүрдің және шынайы қонақжайлылықтың бірегейлігін көрсетуі керек.

«Семей» қонақ үйінің үлгі логотипі бірнеше маңызды қасиеттерге ие (сурет 1). Логотиптің ортасындағы таулардың символикасы Шығыс Қазақстанның табиғи байлығын тамаша көрсетеді. Аймақ экологиялық туризммен, таза ауамен және ашық ауада демалу мүмкіндіктерімен байланысты Алтай және Катон-Қарағай жоталары сияқты көркем таулы ландшафттарымен танымал. Қонақ үй қонақтары осы ерекше табиғи ортамен байланысты сезіне алады.



Бренд туралы хабардар болу
Қонақтарды тарту
Сенім және бедел
Маркетингтің тиімділігі
Бәсекелестік артықшылық

Сурет 1 – «Семей» қонақ үйі үшін үлгі логотипі
Ескертпе – автормен зерттеу барысында құрастырылған

Қонақжайлылық индустриясындағы этно-қонақ үйлерді дамыту мәселелеріне арналған жүргізілген зерттеулер қазіргі жағдайды жан-жақты талдауға және туризмнің осы сегментінің қалыптасуы мен тиімді жұмыс істеуіне негізгі кедергілерді анықтауға мүмкіндік берді. Жұмыс барысында ішкі және келу туризмі жүйесіндегі маңызды бағыт ретінде этнотуризмнің теориялық негіздері зерттеліп, Шығыс Қазақстан облысындағы этно-қонақ үйлер қызметінің практикалық аспектілеріне талдау жүргізілді.

Осылайша, Шығыс Қазақстан облысында этно-қонақ үйлерді дамыту кешенді тәсілді, оның ішінде инфрақұрылымды жаңғыртуды, этнотуризм саласында кадрларды даярлаудың білім беру бағдарламаларын әзірлеуді, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобаларын іске асыруды, сондай-ақ өңірдің этнотуризм дестинациясы ретінде маркетингін күшейтуді талап етеді. Заманауи туризмді дәстүрлі мәдени мұрамен үйлестіре отырып, этно-қонақ үйлер елдің туристік имиджін қалыптастыруға және оның мәдени мұрасын сақтауға ықпал етеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қонақжайлылық және сервис индустриясы. Оқу құралы / Ж.Ә. Байбатшаева – Алматы: Қазақ университеті, 2020.
2. Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика бюросы. (2024). Туризм саласындағы ресми деректер / <https://stat.gov.kz/ru/>
3. Бәсекеге қабілетті туризм – тұрақты экономикалық даму факторы. ҚР Мәдениет және спорт министрлігі, 2023.
4. Гумилев Л.Н. (1990). Этногенез и биосфера Земли. Москва: Айрис-пресс.
5. Шығыс Қазақстан облысының туристік әлеуеті туралы шолу. «Kazakh Tourism» ұлттық компаниясы. 2024.

УДҚ338.48

ЕЖЕЛГІ ЖІБЕК ЖОЛЫ БОЙЫНДАҒЫ МӘДЕНИ-ТУРИСТІК МАРШРУТТАРДЫ ДАМУ

Есмахай Фариза

fyesmakhay@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ «Туризм» кафедрасының 2-курс студенті,
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші - «Туризм» кафедрасының философия докторы (PhD), доцент м.а.
Тлеубаева Айтолқын Тлеубайқызы

Андатпа

Мақалада Ежелгі Жібек жолы бойындағы мәдени-туристік маршруттарды дамыту мәселелері мен мүмкіндіктері талданады. Ұлы Жібек жолының негізгі бағыттарын анықтау арқылы Қазақстанның Орталық Азия аймағындағы туристік беделін арттыру жолдары қарастырылған. Жібек жолының қазақстандық бөлігінде туризмді дамытудың теориялық негіздері зерделеніп, инфрақұрылымдық мәселелер мен оларды шешу жолдары ұсынылған.

Мақалада тарихи қалалардың туристік әлеуетін арттыру, мәдени мұраларды заманауи туризммен үйлестіру және ұлттық құндылықтарды дәріптеу мәселелері қарастырылған. Сонымен қатар, жаңа туристік өнімдер әзірлеу, инфрақұрылымды жақсарту және халықаралық деңгейде тартымды маршруттар құру қажеттілігі талқыланады. Зерттеу Қазақстанның экономикалық және мәдени дамуына Жібек жолының үлесін арттыруға бағытталған нақты ұсыныстарды қамтиды. Автор Жібек жолын халықаралық бренд ретінде қалыптастыру және Қазақстанның туристік имиджін нығайту жолдарын ұсынады.

Түйін сөздер: Ұлы Жібек жолы, мәдени-туристік маршруттар, тарихи қалалар, инфрақұрылым, ұлттық құндылықтар, Қазақстан туризмі, халықаралық маршруттар, мәдени мұра.

Ұлы Жібек жолы – Еуразия құрлығынан өтетін және әлемдік сауда мен мәдени алмасулардың дамуына зор ықпал еткен тарихи маңызды маршрут. Бұл жол Шығыс пен Батыс арасындағы өзара байланыс пен бейбіт қарым-қатынасты нығайтқан, сол арқылы түрлі халықтардың мәдениеттері мен экономикаларын біріктірген жол. Қазақстанның осы ұлы жол бойында орналасуы оның мәдени және туристік әлеуетін тиімді пайдалану мүмкіндіктерін арттырады. Жібек жолының бойындағы қалалар мен ескерткіштерді сақтау және туризмді дамыту мәселесі қазіргі уақытта айтарлықтай өзекті болып табылады. Бұл тек экономикалық дамуды ғана емес, сонымен қатар елдің халықаралық деңгейде мәдени имиджін қалыптастыруды да мақсат етеді. Осыған орай, ғылыми мақала Ұлы Жібек жолының Қазақстан аумағындағы бөлігіндегі туризмді дамыту мүмкіндіктерін қарастырып, оның еліміздің туристік беделін қалыптастырудағы рөлін анықтауға бағытталған. Зерттеу барысында Жібек жолының Қазақстан аумағынан өтетін негізгі бағыттарын айқындау, тарихи-мәдени мұраларды сақтау мен заманауи туризмді үйлестіру жолдарын зерделеу,